

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

Р.Б. СҰЛТАНҒАЛИЕВА¹ Ш.Ө. САМАТОВА² М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан^{1,2}(e-mail: sultangaliyevarita@gmail.com¹, shugylasamatova@mail.ru²)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ: ПОП-АРТ ПЕН ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАР ЭСТЕТИКАСЫ

Аңдатпа. Әдебиеттанудағы поп-арт өнер мен мәдениеттің эволюциясындағы маңызды құбылыс ретінде бағаланады. Постмодернизм дәуірінде қалыптасқан поп-арт эстетикасы заманауи адамның рухани сұраныстарын бейнелеп, әдеби кеңістікте жаңа көркемдік әлемнің есігін ашты. Бұл мақалада поп-арттың ұлттық прозадағы бейнелену ерекшеліктері, әсіресе тәуелсіздік кезеңінде жазылған шығармалардағы көрінісі талданады. Қазіргі заманның тұтынушылық өркениеті қалыптастырған эстетика әдеби кейіпкерлердің ішкі әлеміне, дүниеге көзқарасына және заттық құндылықтармен байланысына қалай ықпал еткені сарапталады. Материалдық әлем объектілері мен олардың шығармалардағы символдық мәні поэтикалық тұрғыда ашылады. Әлемдік мәдениеттің ауқымында қазақ прозасында поп-арттың өзіндік бояуы, көркемдік мазмұнды байытудағы рөлі айқындалады. Сонымен қатар, поп-арттың әдебиетте тұлға мен қоғамның эстетикалық және рухани кеңістігін қайта жаңғыртудағы мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: постмодернизм, поп-арт, тұрмыстық заттар эстетикасы, тұтыну мәдениеті, ұлттық проза, бұқаралық мәдениет, көркемдік трансформация.

Кіріспе. Поп-арт — XX ғасырдың орта шенінде дүниеге келіп, өнер мен мәдениеттегі дәстүрлі эстетикалық ұстанымдарды түбегейлі өзгерткен бағыт. Постмодернизм ықпалында пайда болған бұл құбылыс көркем шығармашылықтың шекарасын кеңейтіп, бейнелеу өнері мен әдебиетке тұрмыстық заттар мен бұқаралық мәдениет элементтерін енгізу арқылы жаңа көркемдік жүйе қалыптастырды. Поп-арт термині «әйгілі» немесе «қоғамдық өнер» деп аударылатын ағылшын тіліндегі «popular art» сөзінің аббревиатурасынан пайда болды. Бірінші рет бұл атауды британдық өнертанушы Лоуренс Аллоуэй 1958 жылы «Өнер және БАҚ» мақаласында қолданады [1, 17].

Соғыстан кейінгі Америка қоғамы қарқынды экономикалық серпіліс дәуіріне қадам басты. Технологиялық прогресс, өндірістің жандануымен қатар, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі бұқаралық мәдениеттің жаңа түрін қалыптастырды. Экономикалық молшылық пен тұтынушылық сана қоғамның басты құндылығына айналып, күнделікті өмір заттары сән мен әлеуметтік мәртебенің нышаны ретінде қабылдана бастады. Теледидар, жарнама және масс-медиа құралдары осы мәдениетті нығайтып, визуалды бейнелер мен бренд символдарын қоғамның көркемдік танымының өзегіне айналдырды.

Осы тарихи-мәдени жағдайда поп-арт өмірге келді. Оның өкілдері бұрынғы абстрактілі өнердің тұйық эстетикасынан арылып, өмірдің нақты болмысын – адамның айналасындағы тұрмыстық заттар мен бұқаралық бейнелерді – шығармашылықтың басты тақырыбына айналдырды. Күнделікті өмір көріністері, тұтыну өнімдері, жарнамалық

белгілер мен комикстер поп-арттың көркемдік нысанына еніп, қарапайым заттардың символдық қуатын айқындады. Осылайша, поп-арт идеясы кез келген заттың эстетикалық құндылығын ашуға негізделді. Бұл бағыт тұрмыстық заттар мен оқиғаларды өнердің бір бөлігі ретінде қарастырды. Осы ұстаным XX ғасырдағы өнер мен мәдениетке елеулі ықпал етіп, көркемдік кеңістіктің шекарасын кеңейтті.

А.В.Рыковтың зерттеуі бойынша, 1960 жылдары поп-арт феномені Батыс өнертануында жаңа эстетикалық бағыт ретінде орнығып, мәдениеттегі түбегейлі өзгерістерді айшықтады. Зерттеуші өз еңбегінде поп-арттың мәдени және философиялық контекстін жан-жақты талдап, оның қалыптасуын әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен «тұтыну қоғамының» дамуымен байланыстырады [2].

П.Андерсонның пікірі бойынша, осы кезеңдегі өзгерістер модернизм құндылықтарын күйретіп, жаңа тұтыну мәдениетін қалыптастырды. Бұл пікірді Г.Гельдцалер де қолдайды, ол АҚШ-тың өндіріс пен тұтыну жүйесінің Батыс Еуропаға тигізген ықпалын атап көрсетеді. Лоуренс Эллоуэй мен Джон Макхейл поп-артты қоғамның элиталық және бұқаралық мәдениеті арасындағы қайшылықты жеңілдететін демократиялық күш ретінде қарастырады. Эллоуэй «Широкий фронт культуры» атты еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын талдай отырып, жаңа мәдениеттің дәстүрлі өнерден әлдеқайда көпқырлы екенін дәлелдейді. Оның айтуынша, өнер тек элитаға ғана емес, бұқараға да қолжетімді болуы тиіс [3, 703].

Ал Джон Макхейл «Изящные искусства в масс-медиа» еңбегінде бұқаралық мәдениеттің өнердегі «вертикалды» элиталық қатынастарды «горизонталды» жүйеге ауыстырғанын айтады. Бұл өзгеріс мәдениеттегі плюрализмнің айқын көрінісі ретінде түсіндіріледі. Ол өнердің өмірмен тығыз байланыста болуын және көркем шығармалардың өзгермелі әлемге сай болуын маңызды деп санайды.

Поп-арттың басты ерекшеліктерін С.Габлик былай сипаттайды:

1. Екі өлшемді кескіндемеден үш өлшемді нысандарға ауысу.
2. Жаңа технологиялар мен репродукциялық әдістерді қолдану.
3. Тақырыптық иерархияның жойылуы
4. Субъективтіліктен бас тарту және сыртқы әлеммен тығыз байланыс.
5. Өнердің икемділігі мен күнделікті өмірмен үйлесімділігі.

Клемент Гринберг поп-артты элиталық мәдениеттің антиподы ретінде қабылдап, бұқаралық мәдениетті «китч» деп сынады. Ол өнер мен бұқаралық ақпарат құралдарының араласуын мәдениеттің құлдырауы деп есептеді [4]. Алайда, поп-арт өкілдері бұл көзқарасқа қарсы шығып, бұқаралық мәдениеттің де өзіндік құндылықтарын көрсетті.

Сонымен, поп-арт қоғам мен мәдениет арасындағы шекараны бұзып, өнерді бұқараға жақындатып, оны күнделікті өмірмен үйлестірген көркемдік төңкеріс болды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының әдістемесі мен әдістері пәнаралық және салыстырмалы талдау ұстанымдарына негізделеді. Бұл бағытта поп-арт эстетикасының бейнелеу өнері мен әдебиеттегі ортақ белгілерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау негізгі мақсат ретінде қарастырылады. Әдіснамалық тірек ретінде Лоуренс Эллоуэй, Дж. Макхейл, А.В.Рыков, П.Андерсон және С.Габлик сынды зерттеушілердің еңбектері алынып, олардың тұжырымдамалары қазақ әдебиетінің мәтіндік жүйесіне бейімделіп қолданылады.

Зерттеу барысында өнер мен әдебиеттің өзара байланысын түсіндіруге бағытталған өнераралық тәсіл қолданылды. Бұл әдіс арқылы бейнелеу өнеріндегі поп-арт элементтері – жарнама, бренд, тұрмыстық бұйымдар, масс-медиа бейнелері — әдеби мәтінге қалай ендіріліп, қандай эстетикалық қызмет атқаратыны айқындалады. Сонымен қатар, мәтін талдау әдісі сөздің графикалық, дыбыстық және мағыналық деңгейлерін саралап, тұрмыстық заттар мен бұқаралық мәдениет элементтерінің көркемдік және семиотикалық қызметін анықтауға бағытталады.

Интертекстуалдық әдіс мәтіндегі бөтен дискурстардың, жарнама немесе мәдени кодтардың қолданысын ашып, әдеби мәтіннің көпқабатты табиғатын зерделеуге мүмкіндік

береді. Ал герменевтикалық талдау ұлттық дүниетаным мен поп-мәдениет арасындағы рухани және эстетикалық байланыстарды түсіндіруге негіз болады.

Салыстырмалы-типологиялық әдіс арқылы қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезең прозасындағы поп-арттық сипаттар мен батыс әдебиетіндегі ұқсас көркемдік тәсілдер салыстырылады. Бұл әдіс ұлттық прозаның жаңа бағыттарын әлемдік контексте қарастыруға жол ашады.

Осы әдістерді кешенді түрде қолдану нәтижесінде С.Ақтай, Н.Қуантайұлы, А.Алтай және М.Омарова шығармаларындағы поп-арт элементтерінің көркемдік қызметі талданып, олардың қазақ прозасындағы постмодернистік эстетиканы байытудағы рөлі айқындалды. Осылайша, зерттеу әдістері әдеби талдау мен мәдениеттанулық пайымдауды ұштастырып, қазақ прозасындағы поп-арт эстетикасының ұлттық нұсқасын ғылыми тұрғыдан анықтауға бағытталады.

Талқылау мен бақылау. Әдеби үдерістегі жаңа бағыттардың пайда болуы қоғамның мәдени парадигмасындағы өзгерістермен, сонымен қатар көркем сананың трансформациясымен тікелей байланысты. Осы тұрғыда поп-арт пен постмодернизм – көркемдік ойлаудың бір-бірін толықтыратын және өзара ықпал ететін екі маңызды көрінісі. Поп-арт ағымы көркемдік танымның шекарасын кеңейтіп, өнер мен тұрмыстық шындық арасындағы айырмашылықты жояды. Ол бұқаралық мәдениет пен тұтынушылық идеологияның элементтерін өнер кеңістігіне енгізу арқылы заманауи адамның эстетикалық көзқарасын өзгертеді. Ал постмодернизм бұл құбылысты философиялық және аксиологиялық деңгейде пайымдай отырып, мәтін мен мағынаның көпқабаттылығын алға тартады. Осы екі бағыттың түйісуі қазақ әдебиетінде көркемдік формалардың, тілдік символдардың және дүниетанымдық құрылымдардың жаңаруына алып келді.

Бақылау барысында анықталғандай, қазақ прозасында поп-арт эстетикасы постмодернизмнің ирония, пародия, интертекстуалдық және деконструктивтік әдістерімен үйлесімде дамиды. Мұндай синтез әдебиеттің бейнелеу тәсілдерін байытып, мәтіннің семантикалық кеңістігін кеңейтеді. Сонымен қатар, бұқаралық мәдениет белгілерінің енгізілуі көркем шығарманың мәдени-кодтық қабаттарын күрделендіріп, заманауи адамның рухани және әлеуметтік бейнесін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Талқылау нәтижесінде поп-арт пен постмодернистік әдістің қазақ әдебиетінде тек көркемдік эксперимент шеңберінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің жаңғыру формасы ретінде қызмет ететіні байқалды. Олар арқылы жазушылар шынайылық пен елес, руханилық пен материалдылық, дәстүр мен заманауилық арасындағы тепе-теңдікті іздейді.

Осылайша, талқылау мен бақылау нәтижелері поп-арт эстетикасының қазақ прозасында жаңа көркемдік парадигма ретінде орныққанын көрсетеді. Бұл бағыт заманауи әдеби процестің философиялық, мәдени және эстетикалық табиғатын терең түсінуге мүмкіндік беріп, зерттеудің келесі кезеңінде нақты мәгіндік талдауға теориялық негіз қалайды.

Нәтижелер. Поп-арттың әдебиеттегі негізгі ерекшеліктерінің бірі — тұрмыстық заттардың поэтикалық мәнге айналуы. Әдеби шығармаларда қарапайым заттарға ерекше мағына беріліп, олардың бастапқы қызметі екінші орынға ығысады. Мысалы, Л.Сафронованың «Постмодернистік прозадағы автор мен кейіпкер» еңбегінде талданған «Оятқыш туралы ертегі» шығармасынан үзінді келтіріп, оны көркемдік тұрғыдан талдайық: «Тоғызға жиырма минут қалғанда, графинді алып кетіп, кранға тұрмысқа береді. Осылайша, графин оятқышқа тұрмыстағы әйел болып оралады...» [5, 103]. Бұл үзіндіде тұрмыстық заттардың адамдық мәнге ие болуы поп-арттың негізгі қағидаттарын айқын көрсетеді. Графиннің «тұрмысқа шығуы» — адам өміріндегі маңызды рөлдер мен қарым-қатынастарды тұрмыстық заттар арқылы көрсету. Әдетте тұрмыстық бұйымдар статикалық болады, бірақ мұнда олар активтілік пен өз таңдауларын жасау арқылы адамның өміріне араласады. Бұл әлеуметтік қатынастарды сынға алу мен оларды жаңа көзқараспен қарау болып табылады.

«Сағат сегізден отыз минут кетті. Уақыт аз қалды. Осы кезде оятқыш көзілдірікке ұсыныс білдіреді. Көзілдірік кәрі еді әрі құлаққа тұрмысқа шыққан болатын. Ол бес минут ойналып, келісімін береді. Бірақ сол арада тағы да құлаққа тұрмысқа шығып кетеді». Бұл үзіндіде автор уақыттың, жасы ұлғайған заттардың — мұнда көзілдіріктің — қоғамдағы орны мен қарым-қатынасының абсурдты бейнесін көрсетеді. Көзілдіріктің қайта-қайта тұрмысқа шығуы әрі кетуі өмірдің өткінші екенін, адамның таңдауы мен шешімінің тұрақсыздығын білдіреді. Сонымен бірге, көзілдіріктің кәрілігі мен оның әлеуметтік байланыстардағы орны адамның өміріндегі уақыттың қаншалықты маңызды және қатал екендігін білдіреді.

«Оятқыштың жүрегі қатты толқыды. Сол арада оятқышты адам алып, бетін жастықпен басып қояды». Бұл жерде оятқыштың жүрегінің толқуы мен оның аяқ астынан жастыққа тұрмысқа шығуы арқылы қоғамдағы өз орнын табуға талпыныс, яғни «көрінбейтін, бірақ маңызды» элементтердің өмірде алатын рөлі көрсетіледі. Жастық — тек қана физикалық объект емес, адам өміріндегі тыныштық пен тұрақтылықты бейнелейді. Сондықтан, ертегінің соңғы бөлімі өзінің абсурдты құрылымында да, оның терең философиялық мәнін ашып көрсетеді: өмірдің өтпелілігі, қоғамның тұрақсыздығы және тұрмыстық заттардың арасында орын алған метафоралар.

Бұл үзінділер ертегінің поп артқа тән аспектілерін ашады, себебі автор қоғам мен адамдық қарым-қатынастарды тұрмыстық заттар арқылы суреттейді, оларды біртүрлі абсурдтық формада көрсетеді.

Поп-арт әдебиетінде уақыттың өткіншілігі мен адамның өміріндегі тұрақсыздық мәселесі жиі көтеріліп отырады. Тұрмыстық заттардың өзгеруі мен олардың абсурдтық қарым-қатынастары арқылы өмірдің өтпелілігі мен уақыттың қаншалықты маңызды екені көрсетіледі. Мысалы, көзілдіріктің кәрілігі мен оның қайта-қайта тұрмысқа шығуы өмірдің өтпелі екенін білдіреді. Бұл аспект поп-арттың терең философиялық мәнін ашады, өйткені автор күнделікті заттар арқылы өмірдің өткіншілігін, қоғамның тұрақсыздығын және жеке адамның таңдауларынан хабар береді.

Әдебиеттегі поп-арт көріністері әр автордың дүниетанымына, болып жатқан құбылыстарға көзқарасына байланысты болып, «тұтынушылық заттары» арқылы шығармада жарыққа шығарылып отырады [1, 34].

Қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардан Сафина Ақтайдың «Күміс көбелек» әңгімесін талдап көрсек. «Күміс көбелекте» поп-арт ағымының басты эстетикалық ұстанымдары – тұрмыстық заттар мен тұтыну мәдениетінің элементтерін өнер кеңістігіне енгізу, күнделікті өмірдің көріністерін символдық деңгейге көтеруге және адам психологиясын материалдық әлем арқылы бейнелеу – көркемдік тұрғыда шебер жүзеге асқан. Автор өмірдің ең қарапайым бөлшектерінен эстетикалық мағына жасап, оқырманды рухани және материалдық дүниенің өзара байланысын сезінуге жетелейді. Әңгіме мазмұнындағы әрбір деталь – сырт қарағанда тұрмыстық, ал мән жағынан метафоралық жүк арқалаған символ десек қате емес.

Әңгімедегі мына үзіндіге назар аударайық: «Ол бүгін тағы картоп жейтініне шын қуанатын еді... Келе сала газ бетіне табасын қойып, бес-алты тал картопты аршып, оны жіңішке етіп, домалақтап турайтын.» [6]. Мұнда қарапайым картоп қуыру тек тұрмыстық көрініс емес, ол кейіпкердің ішкі күйі мен өмірге қатынасын бейнелейтін поэтикалық белгіге айналған. Поп-арттың мәні дәл осындай құбылыстарды – жарнама, тұрмыстық зат, тағам, киім, ыдыс сияқты элементтерді – өнер тіліне енгізіп, оларды эстетикалық құбылысқа айналдыруында. Жазушы осы қағиданы көркем прозада дәлдікпен қолданады. Картоп — кейіпкер үшін қуаныштың, тыныштықтың, өмірдің мәнін сезінудің кішкентай символына айналған. Осы деталь арқылы С.Ақтай адамның рухани әлемі мен материалдық ортаның арасындағы нәзік байланысты көрсетеді.

Келесі үзіндіде бұл ой тереңдей түседі: «Бірақ картопты турау үшін тақтайды қолданған емес. Қолына ыңғайлы етіп қысып, пышақпен жіп-жіңішке етіп жона бастайтын. Себебі әжесі дәл солай турайтын еді» [6]. Үзіндіде тағам дайындау – бір мезетте рухани дәстүр мен

жеке естеліктің бейнесіне айналады. Кейіпкер үшін картоп турау – ас әзірлеу ғана емес, әжесінен қалған жылы естелікті сақтау амалы. Бұл көрініс поп-арттағы репродукциялық тәсілді еске салады: бұрыннан бар әрекетті, дайын үлгіні жаңа контексте қайталау арқылы оған жаңа мағына дарыту. Осылайша, қарапайым пышақ пен картоп поэтикалық символға айналып, өткен мен қазірдің арасындағы рухани көпірдің рөлін атқарады.

Автор кейіпкердің ішкі әлемін де тұрмыстық деталь арқылы бейнелейді: «Кейде көңілін елеусіз жаттық билейтін еді. Бірақ жаттану оны ешқашан алыс сапарларға шақырған емес. Оған керегі тек картоп еді» [6]. Үзінді кейіпкердің жан дүниесіндегі бос кеңістік пен рухани қанағатсыздықты білдіреді. Адамның өмірі қарапайым әрі шектеулі, бірақ дәл осы шектеуліліктің өзінде оның тұрақтылығы мен мәні бар. Поп-арт тұрғысынан қарағанда, бұл – адамның ішкі сезімдерінің материалдық формаға айналуы. Кейіпкердің «картопқа мұқтаждығы» – оның рухани қажеттілігінің символдық бейнесі.

Әңгімеде қалалық өмірдің визуалды элементтері де ерекше көрініс тапқан: «Түскі асқа шыққан кезде көппен бірге көшеде кезектесіп тұрған сантүрлі мейрамханалардың біріне кіретін. Сосын қалағанын алатын: қуырылған сиыр бауыры мен оның дәмді тұздығына әбден балқып тұрған пюре, бетін қоңырқай етіп қуырған сибаб балығы мен қытырлақ фри, күлге көміп пісірген жұп-жұмыр картоп пен сүйегі жесең де тамағыңды оспайтын тұздалған сельд..» [6]. Мұндағы тағам атаулары нақты әрі шынайы берілген. Автор осы арқылы урбанистік кеңістіктің эстетикасын, тұтыну мәдениетінің реңкін көрсетеді. Бұл да поп-артқа тән тәсіл – өмірдің күнделікті, жарнамалық, визуалды элементтерін эстетикалық деңгейге көтеру. Осындай көріністерде әңгіме бір сәтке бейнелер галереясына айналып, оқырманды тұтыну әлемінің жарқыраған, бірақ бос кеңістігіне енгізеді.

Тағы бір үзіндіде: «Атышулы редактор тұратын пішімі трапецияға ұқсас еңселі үйдің қасынан отпашу да атылды. Оның тарс-тарс еткен дауысы бар қалаға естілді, ал көз ұшында көкке асқақ көтеріліп, жарқ етіп сөнген отпашулар бірінен соң бірі ақшам құшағында ажал құшты» [6]. Мұнда қала бейнесі кинематографиялық кадр іспетті суреттеледі. Отпашу – тек мерекелік деталь емес, ол жасанды сұлулықтың, уақытша жарқыраудың, өмірдің өтпелілігінің символы. Бұл сәтте эстетикалық әсер мазмұннан басым түседі: пішін, жарық, дыбыс – барлығы да визуалды-композициялық рөл атқарады. Поп-арт ағымының «форма мазмұннан жоғары» қағидасы дәл осы көріністе көркемдік деңгейде іске асқан.

Әңгіменің соңындағы салқындау, үнсіздік пен жарықтың сөніп қалуы – тұтыну мәдениетінің рухани дағдарысын бейнелейді. Адамның жаны мен қала арасындағы алшақтық арта түседі, ал заттар – керісінше, белсенді көркемдік функцияға ие болады. Бұл – постмодернистік прозаның және поп-арттың маңызды сипаты: адам мен заттың рөлдері ауысып, зат бейнелік орталыққа айналады.

«Күміс көбелек» әңгімесінде Сафина Ақтай поп-арт эстетикасын қазақ прозасына нәзік әрі үйлесімді енгізеді. Ол тұрмыстық детальдар арқылы терең психологиялық мазмұн тудырып, өмірдің сыртқы қарапайым формаларынан көркемдік философия жасайды. Нәтижесінде, «Күміс көбелек» тек әлеуметтік не психологиялық проза емес, сонымен қатар қазіргі қазақ әдебиетіндегі поп-арттық эстетиканың көркем үлгісі ретінде танылуға лайық шығарма болып қалыптасады.

Қазақ әдебиетінде қалам тербетіп жүрген талантты жазушының бірі Нұржан Қуантайұлының «Бәтінке» әңгімесінде де поп-арттың бірқатар элементтері кездеседі. Әңгіменің бастапқы бөлігіндегі қалам деталі — жай ғана тұрмыстық зат емес, ол символдық жүк арқалаған, қоғам мен адамның рухани күйін бейнелейтін көркем нышан. Советханның бала Әсетке сыйлаған «алтын түсті, әдемі, жуан қаламсабы» — сырттай жылтыр, көз тартарлық, бірақ ішкі мәнінен айрылған зат. Әңгімеде бұл көрініс былай суреттеледі:

«Басы алтын түсті, әдемі, жуан қаламсап екен.

– Әсет-ей! – деп әлгінде төр үйге еніп кеткен баланы шақырып алды. – Мына алтын қаламсапты саған сыйладым, үлкен құдожник бол.» [7].

Балаға жарқыраған қаламды сыйлай отырып, Советхан шын мәнінде рухани емес, сыртқы эффекттегі құрылған, жасанды бір құндылықты береді. Осы тұста автор замандас

қоғамның тұтынушылық психологиясын — сыртқы жарқыл мен ішкі бос кеңістіктің арасындағы қайшылықты дәл көрсетеді. Алтын түстің өзі байлық пен мәртебенің символы іспетті, бірақ оның «сынық», «резьбісі кеткен», «саудасы біткен» болып шығуы — жалған жарқылдың астарындағы мәнсіздіктің көрінісі. Жазушының бейнелеу тәсілінде осы бір кішкентай деталь арқылы тұтас қоғамның рухани дертін көруге болады.

Оқиға соңында Әсеттің қуана-қуана алған қаламының жарамсыз болып шығуы — үміт пен сенімнің күйреуі, ал Жұбандықтың:

«Үй, мынауың сынық қой, резбісі кеткен, қалай бұралсын. Саудасы бітіпті ғой» [7] — деуі, өмірдің өз бағасын бергендей әсер қалдырады. Жұбандықтың сөзі — тек қаламның техникалық ақауын емес, адамдық, моральдық құндылықтардың да «саудасының біткенін» меңзейтін астарлы тұжырым.

Советхан бейнесі де осы тұрғыдан көп нәрсені аңғартады. Ол — жүйенің, өтірік пен жасандылықтың өкілі, «өкіметтің жұмысы» деп бәрін ақтауға үйренген адам. Оның сыйлығы да — дәл өзі сияқты: сырттай жарқырап тұрған, бірақ іштей бос. Әңгіме осылайша тұрмыстық, қарапайым ситуация арқылы адам мен қоғам арасындағы моральдық үзілісті көрсетеді.

Сонымен, әңгімедегі қалам деталі — дәуірдің эстетикалық және әлеуметтік символы. Ол тек бір баланың қолындағы ойыншық емес, шынайылық пен өтіріктің арасындағы шекараның көрінісі. Советханның жалған жарқылға толы сыйлығы — қоғамның рухани жұтаңдығын, адам мен өнердің арасындағы алшақтықты дәл көрсететін метафора.

Әдебиетте поп-арт элементтері арқылы автор үйреншікті нәрселерді суреттей отырып сол заттардың астарындағы психологиялық, мәдени немесе философиялық мәнді ашады. Мұндай тәсіл оқырманға таныс заттар арқылы терең идеяларды түйсінуге мүмкіндік береді. Асқар Алтайдың «Тұл» әңгімесінде дәл осы бағыт байқалады: онда өмірдің қарапайым бөлшектері кейіпкердің жан дүниесімен қабаттасып, оқырманға оқиға атмосферасын сезіндіруге қызмет етеді.

Әңгіме мазмұнында басты кейіпкер Серафима (Соня) — өмірін түрме қызметіне арнаған, жасы елуді еңсерген әйел. Таң сәріде бейтаныс қарт есігін қағып, оның өткеніне қатысты ауыр құпияны ашады: Соняның асырап алған әкесі емес, басқа биологиялық әкесі болғаны, оның «халық жауы» ретінде атылғаны айтылады. Осы тосын кездесуден кейін Соняның ішкі дүниесі астан-кестен болып, өмір бойы орныққан көңіл тыныштығы бұзылады. Ол бұрын түрмедегі қатал қызметінде қылмыскерлерді жазалап келе жатқан тасжүрек жан болса, енді өз отбасы тарихындағы әділетсіздікпен бетпе-бет келеді. Шығарма соңында кейіпкердің жан арпалысы оны шешуші әрекетке итермелейді — Серафима қолына тапаншасын алып, үйінен қара киіммен шығып кетеді. Міне, осындай психологиялық шиеленісті Асқар Алтай тұрмыстық детальдар арқылы өте шебер бейнелейді. Әңгімеде кездесетін есік қоңырауы, есіктің көзеті (қарауыты), шәйнек пен шыныаяқ, телефон, қауіпсіздік сейфі мен тапаншалар, түрме дәлізі, қылмыс камерасындағы “үкі” (кішкене терезе) сынды заттар жай ғана фон емес — әрқайсысы кейіпкер көңіл күйінің айнасы, шығарманың идеялық жүгін көтеруге бейнелі детальдар.

Әңгіменің әр тұсында ұшырасатын қарапайым заттар ерекше символдық жүк арқалайды. Автор олардың бастапқы қызметін екінші жоспарға ысырып, поэтикалық деталь деңгейіне көтерген. Мысалы, есіктің «көзі». «Ауыр денесін жеңіл қозғаған әйел темір есіктің “көзінен” қарады» [8]. Мұнда автор есіктегі шпионка тетігін жай ғана «тесіктен қарады» демей, «көз» деп метафоралайды. Есіктің шын мәніндегі кішкентай дөңгелек саңылауы адамның көз органы ретінде бейнеленіп, жанды сипат алады. Бұл детальдың бастапқы функциясы — үйге келушіні сырттай көру. Ал көркемдік тұрғыда «темір есіктің көзі» кейіпкер мен жұмбақ бейтаныс арасындағы алғашқы бейвербалды байланыс ретінде көрінеді.

Кейін, қарт қонақты ішке кіргізген соң, Соня оған кофе ұсынады. Автор бұл сәтте бөлмедегі үстелді ерекше эпитетпен суреттейді: «Кресло алдына қойылған “мешел” шыны үстел үстіндегі фарфор күрешкені қолына алса да, қария іше алмады» [8]. «Мешел»

сөзі кемтар, әлжуаз деген мағынада. Шыныдан жасалған шағын үстелді «мешел» деп сипаттау – күнделікті жиһазға адамға тән кемтарлық қасиетін телу, оны жанды образға теңеу. Бұл эпитет үстелдің тәттіректеп тұрғанын, мықты еместігін аңартуы мүмкін, сол арқылы үй ішіндегі жағдайдың тұрақсыздығын меңзейді. Үстел үстіндегі фарфор кесе (күреске) мен ыстық кофе де символдық мәнге ие. Қонаққа ұсынылған кофе – жылы шырай, қонақжайлық белгісі, ал қарияның оны ішуі қиындап, қолы дірілдеп төгіп алуы оның ішкі күйзелісін көрсетеді: «қарттың салалы саусақтары дірілдеп, ...қара пальто астында селкілдеп кетіпті» [8]. Фарфор ыдыс – нәзіктік пен сынғыштықтың нышаны, ал оны көтере алмаған қарттың аузының кемсеңдеуі мен кофені төгуі – оның көңіл толқуын, айтқалы отырған сырдың ауырлығын аңғартады. Яғни, шыны үстел мен фарфор кесе осы сәтте кейіпкердің шарасыздығы мен жағдайдың сынғыштығын поэтикалық тұрғыда сездіреді. Ал олардың тікелей тұрмыстық қызметі екінші орынға ысырылған.

Әңгімеде Соняның алдағы атқарылатын жазалау ісіне дайындала бастаған тұсы да поэтикалық мәнге ие. Бұрыштағы темір сейфтен қару-жарағын алады: «...ішінде қаз-қатар тізілген бес бірдей тапаншаға қол созды. Бес қаруы бес түрлі еді. Бұл жолы “Макаров” пистолетін таңдады» [8]. Мұнда түрме қызметкерінің күнделікті жұмыс құралы – қарулар жиынтығы – аталады. Автор нақтылап тапаншалардың санын (бесеу) және олардың әртүрлі маркада екенін айтады. Әдетте көркем шығармада мұнша нақты тұрмыстық деталь беру міндетті емес, бірақ Асқар Алтайдың стилі үшін бұл маңызды штрих. Бес түрлі тапанша – Соняның өміріндегі зорлық-зомбылықтың, өлімнің бес түрі іспетті, оның кәсібилігінің көрсеткіші. Әр қарудың әр түрлі болуы – оның қолының үйренген икемін, яғни көп жылдық тәжірибесін аңғартады.

Әңгімеде аса бір ерекше қолданылған деталь – өлім жазасы орындалатын бөлмедегі кішкене терезе. Автор оны бейнелі түрде «үкі» деп атайды. Соня дәліздің түкпіріндегі арнайы бөлмеге кіріп, екі есікті жауып, қабырғадағы екі кішкене шұңқырлы терезені ашады: «Қарсы қабырғадағы алақандай-алақандай қос “үкі” темір қақпақшаға барып, Соня бірінің бетін айналдыра ашты... Әлгі темір қақпақша жапқан “үкі” көзінен күңгірттеу сәуле көрінді... алақанның жартысындай “үкі” тесіктен күлгін сәуле құйылды» [8]. Мұнда «үкі» сөзі жай құс атауы емес – түрме сленгінде (немесе авторлық балама түрде) камераның бақылау терезесін атайтын метафора. Екі алақандай «үкі көздері» – қабырғадағы екі кішкентай дөңгелек бақылау терезелері. Автор олардың бетіндегі қақпақты ашқанда бөлмеге күлгін түсті жарық құйылатынын ерекше айтады. Неге «үкі»? Біріншіден, үкі – түнгі құс, қараңғыда көріп, бақылай алатын жыртқыш. Түрмедегі осы тесіктер де түнек ішінен бақылауға арналған «жансыз көздер» тәрізді. Екіншіден, үкінің екі үлкен дөңгелек көзі болады; камераның да қабырғадағы қос дөңгелек терезесі соны еске салады. Автор осылайша күнделікті түрме архитектурасының элементін метафоралық бейнеге айналдырған. Күлгін сәуле – неон шамының немесе арнайы шамның суық жарығы – өлім камерасының зұлмат атмосферасын күшейтеді. Ол жұпарлы жылы жарық емес, сұсты, табиғи емес реңктегі сәуле. Бұл түстің таңдалуы да поэтикалық мән жүктейді: күлгін түс – азап пен қайғының, тылсымның түсі, өлім халіне де телінуі мүмкін. Соня сол «үкіге үңіліп», арғы бөлмедегі көріністі бақылайды. Демек, шағын терезенің техникалық екінші орында қалды да, оның үкіге ұқсатылған бейнесі және бөлмеге құйылған түсі алдыңғы қатарға шықты. Автор оқырманға осы «үкі көздер» арқылы қараңғы рәсімнің куәгері болуды ұсынады. Бұл анық поп-арттық әдіс: тұрмыстағы жансыз тетікке жан бітіріп, оны образға айналдыру.

Асқар Алтайдың «Тұл» әңгімесі – реалистік символизмге толы күрделі шығарма. Ондағы тұрмыстық заттар мен детальдар бір қарағанда қарапайым өмір көріністері сияқты болғанымен, әңгіменің өн бойында олар поэтикалық мәнге ие болып, астарлы образ қызметін атқарады. Есік қоңырауының сынғыры, есік көзі, шай үстелі мен кесе, телефон шырылы, қару-жарақ, дәліз қараңғылығы, «үкі» терезе, оқ пен қара сұлба, табиғаттағы қарасуық, түс көрінісіндегі қазан-ошақ – осылардың барлығы өздерінің тікелей қызметінен гөрі мәтіндегі символдық, психологиялық жүк арқалаумен маңызды.

Ал жазушы Мадина Омарованың «Ақша іздеген бала» әңгімесінде күнделікті тұрмыстық заттар мен ұсақ бөлшектер – ақша тиыны, дүкен, қоңырау түймесі, телефон, тас қабырға, баспалдақ, шілденің аптабы – жай декорация емес, баланың психологиялық күйін бейнелеп, әлеуметтік шындықты ашатын поэтикалық белгілерге айналады. Поп-арт эстетикасы тұрғысынан қарағанда, автор утилитарлық дүниелерді алдыңғы жоспарға шығарып, оларды мағыналық «иконалар» деңгейіне көтереді: заттың бастапқы қызметі артқа ығысады да, оның символдық және эмоциялық күші жетекші рөлге ие болады.

Дүкен, «шетел әуені» және сатушының қатаюы – тұтыну кеңістігінің суық символикасы ретінде көрсетіледі. «Ол дүкеннің алдына қайта келді. Ішінен шетел әуені естіледі. Сатушы қыз дүниеден түңілген кейіппен далаға қарап отыр. Кенет көзі балаға түсті де, жұдырығын түйіп қабағын шытты. Бір сағаттан астам уақыт дүкен маңын төңіректеп жүрген ол сезікті көрінсе керек» [9]. Дүкен – қарапайым сауда орны, ал «шетел әуені» – алыстағы қолжетпес игілік пен өркениеттің белгісі; сатушының қатаң әрекеті – баланың әлеуметтік тосқауылға тап болуын көрсететін визуалды элемент. Мұнда дыбыс пен қимыл эмоционалдық мағынаға ие болып, бала үшін қорқыныш пен тосқауылдың белгісіне айналады.

Ақша іздеу әрекеті мен тиынның символикасы да ерекше рөл атқарады: «Бала бұрылып көп қабатты үй жаққа беттеді. Жанары жасаурап, дүние тұманданып кеткен. Ақырын байқапмай маңдайын сұрткен болып көзін сипап алды. Есіл-дерті аяғының астында. Ақша іздеп келе жатыр. Егер жиырма теңге тауып алса, әпкесіне телефон шалатынын, егер жүз теңге тапса, ешкімнің көмегінсіз ауылға жететінін білетін» [9]. Тиын мен ақша бұл үзіндіде байланыс пен еркіндіктің символына айналады. 20 теңге – дауысқа жол, 100 теңге – кеңістік бойынша қозғалыс мүмкіндігі береді. Поп-арт тұрғысынан қарағанда, ақша – баланың мақсатқа жетуін білдіретін «портал» қызметін атқарады.

Дененің реакциясы, аштық пен көздің қызаруы – баланың әлеуметтік ортадағы тосқауыл мен эмоционалды күйін бейнелейді: «Бағаналы бері сүйеніп тұрған тас қабырғадан денесі тітіркеніп кетті... Әлде тағы ақша іздеп келсем бе екен деп бір ойлады. Оқтала беріп қайта отырды. Қарны шұрқырап ашып барады. Оның үстіне көзі де қызарып кеткен шығар» [9]. Тас қабырға мен дененің тітіркенуі – қалалық ортаның суықтығын, әлеуметтік кедергілерді көрсетеді.

Әңгіме психологиялық тұрғыдан төрт сезімнің өзегіне құрылған: қорқыныш, кінә, сүйіспеншілік және үміт. Бұл сезімдер бір-бірімен өріліп, баланың ішкі әлемін күрделі әрі нәзік психологиялық кеңістікке айналдырады. Қорқыныш – ұрыс пен тың тыңдаудан туындайды; бала әр қимылын байқап, қорғансыздықтың салмағын сезінеді. Кінә – әлеуметтік олқылықтың, ересектердің жауапсыздығы мен салқын қатынасының бала иығына түскен ауыр жүгін аңғартады. Сүйіспеншілік – бала мен жақындары арасындағы нәзік байланыстан көрініс табады: оның анасын, әпкесін, кішкентай Маржанды сағынуы, сол арқылы жылылық пен қамқорлыққа деген аңсары бейнеленеді. Ал үміт – барлығын біріктіріп тұрған психологиялық желі: баланың жиырма теңге іздеуі, дыбыс сигналын күтуі, әрекет пен нәтиженің арасындағы нәзік үміт толқыны.

Осы төрт сезімнің айналасында тоғысқан детальдар мен тұрмыстық заттар – қарапайым материалдық әлемнің шеңберінен шығып, символдық мағынаға ие болады. Ақша, телефон, есік, дүкен, қызыл түйме – бәрі де баланың сезімдік, әлеуметтік және психологиялық тәжірибесін жеткізетін поэтикалық белгілерге айналған. Поп-арт эстетикасының тұрғысынан бұл заттар өздерінің күнделікті тұрмыстық қызметінен шығып, абстракциялық ұғымдарға – қорқыныш, үміт, сағыныш, құтылу мен байланысқа айналады. Әлеуметтік-экономикалық шындық енді тек сыртқы көрініс емес, ол баланың денесінде, құлағында, саусағында, қалтасындағы жиырма теңгесінде өмір сүреді. Осылайша, тұрмыстық заттар мен қарапайым детальдар балалық тағдырды «сөйлететін» поэтикалық құралға айналып, шынайы өмірдің ауырлығы мен тереңдігін қатар өрнектейді.

Поп-арттың негізгі идеясы – белгілі бір уақыт кезеңінде ғана маңызды лездік мағынадағы өнер түрін құру. Сол себепті де шығармашылық объектісі ретінде арналған объектілер қарапайым күнделікті өмір заттарынан алынған [10].

Келтірілген мысалдар мен ерекшеліктер поп-арттың қазіргі қазақ прозасындағы көрінісін ашады. Тұрмыстық заттар мен бұқаралық мәдениет арқылы авторлар әлеуметтік, философиялық және мәдени мәселелерді қарастырып, жаңа көзқарас ұсынады. Канаван мен МакКэмли (2020) мақаласында айтылғандай, поп-арт мәдениеті қоғамдағы тұтынушылық феноменді бейнелей отырып, әдебиет пен философияға жол ашады [11]. Осы тұрғыдан, әдебиеттегі поп-арт тек көркемдік тәсіл емес, мәдени және эстетикалық феномен ретінде зерттелуге лайық.

Қорытынды. Қазақ әдебиетінде поп-арт эстетикасының көрініс табуы – ұлттық прозаның көркемдік ізденістерін жаңа белеске көтерген құбылыс. Әлемдік постмодернистік тенденциялармен сабақтас бұл бағыт тұрмыстық заттар мен тұтыну мәдениетінің элементтерін көркем мәтінге енгізу арқылы әдебиеттің бейнелеу мүмкіндіктерін кеңейтті. Әдебиеттегі поп-арт – тек сыртқы пішіндік жаңалық емес, ол адамның материалдық әлеммен рухани байланысын қайта пайымдаудың тәсілі ретінде көрінді.

С.Ақтайдың «Күміс көбелек», Н.Қуантайұлының «Бәтіңке», А.Алтайдың «Тұл», М.Омарованың «Ақша іздеген бала» шығармалары сияқты туындыларда поп-арт эстетикасы ұлттық дүниетаныммен ұштасып, өзіндік реңкке ие болды. Авторлар қарапайым тұрмыстық детальдарды – картоп, қалам, шыны үстел, есік көзі, фарфор кесе, қару, жарық пен дыбыс элементтерін – символдық деңгейге көтеріп, олар арқылы адамның ішкі күйін, қоғам мен уақыт арасындағы қайшылықтарды суреттейді. Бұл тәсіл көркем мәтіннің семиотикалық кеңістігін кеңейтіп, заттық әлемді рухани рефлексияның нысанына айналдырады.

Поп-арт тенденциясының әдебиеттегі көрінісі – тұтынушылық қоғам тудырған құндылықтар мен адамның рухани ізденісінің арасындағы қақтығысты бейнелеудің заманауи формасы. Қазақ прозасындағы бұл тенденция ұлттық мәдениетке тән қарапайымдылық, тұрмысқа жақындық, рухани түйсікпен астасып, поп-артты тек эстетикалық категория ғана емес, философиялық танымның бір формасына айналдырды.

Осылайша, тәуелсіздік кезеңі прозасында поп-арт поэтикасы қазақ жазушыларына жаңа көркемдік шешімдер ұсынды:

- тұрмыстық детальдар мен бұқаралық мәдениет элементтері эстетикалық мәнге ие болды;
- заттық әлем мен адам психологиясы арасындағы шекара жойылды;
- ұлттық дүниетаным жаһандық мәдени кодтармен тоғысты.

Қорытындылай келе, поп-арт эстетикасы қазіргі қазақ прозасында көркем ойдың жаңа сапасын танытып, постмодернистік бағыттың мазмұндық-формалық жаңаруына ықпал етті. Ол әдебиеттің тек идеялық не психологиялық жақтарын емес, сонымен қатар визуалды, мәдени және философиялық кеңістігін байытты.

Әдебиеттер

1. Сұлтанғалиева Р.Б., Харисова Ж.Ж. Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (Постмодернизм поэтикасы). – Алматы: Қазақ кітабы, 2024. – 1224 б.
2. Рыков А.В. Проблема поп-арта в западном искусствоведении и теории искусства 1960-х годов // Вестник СПбГУ. Сер. 2. – 2003. – Вып. 2. – Б. 12-18.
3. Эллоуэй Л. Өнер және бұқаралық ақпарат құралдары // Өнер теориясында, 1900–1990. – Оксфорд: Блэквелл, 1992. – 733 б.
4. МакХейл Дж. Көркем өнер және бұқаралық ақпарат құралдары // Поп-арт қайта түсіндірілген / құраст. Дж. Рассел, С. Габлик. – Нью-Йорк; Вашингтон, 1969. – Б. 43–47.
5. Сафронова Л.В. Постмодернистік прозадағы автор мен кейіпкер: монография. – Санкт-Петербург: Дмитрий Булаин, 2007. – 238 б.
6. Сафина А. Күміс көбелек: әңгіме. URL: <https://madenportal.kz/literature/safina-aqtai-kumis-kobelek>
7. Қуантайұлы Н. Бәтіңке: әңгіме. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=4131>

8. Алтай А. Тұл: әңгіме. URL: <https://bilim-all.kz/article/7638-Tul>
9. Омарова М. Ақша іздеген бала: әңгіме. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=4837>
10. Сұлтанғалиева Р.Б., Харисова Ж.Ж. Әдеби туындыдағы заттық әлемді эстетикаландыруда поп-арттың көркемдік қызметі // Керуен ғылыми журналы. Т.73. – 2021. – №4. URL: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-16>
11. Канаван Б., МакКэмли. Поп-арта постмодерн кезеңінің аяқталуы? Мадоннадан Гагаға, Тейлорға дейінгі дәуірлік тұтыну және маркетинг // Journal of Business Research. Т. 107. – 2020. – Б. 222–230. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2018.12.005>

Р.Б. СУЛТАНГАЛИЕВА, Ш.У. САМАТОВА

Западно-Казакхстанский университет имени М.Утемисова, Уральск, Казакхстан

ПОСТМОДЕРНИЗМ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ПОП-АРТ И ЭСТЕТИКА БЫТОВЫХ ПРЕДМЕТОВ

Аннотация. Поп-арт в литературоведении рассматривается как важное явление в эволюции искусства и культуры. Эстетика поп-арта, сформировавшаяся в эпоху постмодернизма, отражает духовные потребности современного человека и открывает двери в новое художественное пространство литературы. В данной статье анализируются особенности репрезентации поп-арта в национальной прозе, особенно в произведениях, написанных в период независимости. Рассматривается влияние эстетики, сформированной цивилизацией потребления современности, на внутренний мир литературных персонажей, их мировоззрение и отношение к материальным ценностям. Поэтически раскрывается символическое значение объектов материального мира и их роль в художественных произведениях. В контексте мировой культуры определяется самобытная окраска поп-арта в казахской прозе и его роль в обогащении художественного содержания. Кроме того, рассматриваются возможности поп-арта в литературе по возрождению эстетического и духовного пространства личности и общества.

Ключевые слова: постмодернизм, поп-арт, эстетика бытовых предметов, культура потребления, национальная проза, массовая культура, художественная трансформация.

R.B. SULTANGALIEVA, SH.U. SAMATOVA

M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

POSTMODERNISM IN KAZAKH LITERATURE: POP ART AND THE AESTHETICS OF EVERYDAY OBJECTS

Annotation. In literary studies, pop art is regarded as an important phenomenon in the evolution of art and culture. The aesthetics of pop art, formed during the postmodern era, reflects the spiritual needs of the contemporary individual and opens the door to a new artistic space within literature. This article examines the distinctive features of pop art representation in national prose, particularly in works written during the period of independence. It explores how the aesthetics shaped by the consumer civilization of modern times influence the inner world of literary characters, their worldview, and their relationship to material values. The symbolic meaning of material objects and their function in literary works are revealed in a poetic manner. Within the context of global culture, the unique coloration of pop art in Kazakh prose and its role in enriching artistic content are identified. In addition, the article considers the potential of pop art in literature to revitalize the aesthetic and spiritual space of both the individual and society.

Keywords: postmodernism, pop art, aesthetics of everyday objects, consumer culture, national prose, mass culture, artistic transformation.

References

1. Sultangalieva R.B., Harisova J.J. Qazaq ädebiettanuynyñ jaña bağyttary (Postmodernizm poetikasy). – Almaty: Qazaq kitabı, 2024. – 1224 b.
2. Rykov A.V. Problema pop-arta v zapadnom iskustvovedenii i teorii iskustva 1960-h godov // Vestnik SPbGU. Ser. 2. – 2003. – Vyp. 2. – B. 12-18.
3. Ellouei L. Öner jäne būqaralyq aqparat qūraldary // Öner teoriasynda, 1900–1990. – Oksford: Blekvell, 1992. – 733 b.
4. MakHeil J. Kōrkem öner jäne būqaralyq aqparat qūraldary // Pop-art qaita tūsındırılgen / qūrast. J. Rassel, S. Gablik. – Nū-İork; Vaşington, 1969. – B. 43–47.
5. Safronova L.V. Postmodernistik prozadağy avtor men keipker: monografia. – Sankt-Peterburg: Dmitri Bulanin, 2007. – 238 b.
6. Safina A. Kūmis kōbelek: āñgıme. URL: <https://madeniportal.kz/literature/safina-aqtai-kumis-kobelek>
7. Quantaiūly N. Bātīñke: āñgıme. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=4131>
8. Altai A. Tūl: āñgıme. URL: <https://bilim-all.kz/article/7638-Tul>
9. Omarova M. Aqsa ızdegen bala: āñgıme. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=4837>
10. Sultangalieva R.B., Harisova J.J. Ādebi tuyndydağy zattyq ālemdı estetikalandyroda pop-arttyñ kōrkemdık qyzmeti // Keruen ğylymi jurnaly. T.73. – 2021. – №4. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-16>
11. Kanavan B., MakKemli. Pop-artta postmodern kezeñiniñ aiaqталuy? Madonadan Gagağa, Teilorğa deingı dāurlık tūtynu jäne marketiñ // Journal of Business Research. T. 107. – 2020. – B. 222–230. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2018.12.005>

Авторлар туралы мәлімет:

Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, Орал, Қазақстан.

Султанғалиева Рита Бекжановна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова, Уральск, Казахстан

Sultangaliyeva Rita Bekzhanovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

Саматова Шұғыла Өмірзаққызы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты, Орал, Қазақстан.

Саматова Шугыла Омирзаковна – магистрант Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова, Уральск, Казахстан.

Samatova Shughyla Omirzakovna – Master's student at M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan.